

Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылдық округінің Сазы ауылын Ақши ауылдық округіне әкімшілік бағыныштылыққа өткізіп беру туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2008 жылғы 10 сәуірдегі N 58 қаулысы және Алматы облысы мәслихатының 2008 жылғы 10 сәуірдегі N 8-50 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 20 мамырда N 2006 тіркелген

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабындағы 3-тармаққа сәйкес, Сазы ауылы тұрғындарының, Еңбекшіқазақ ауданы өкілетті және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Алматы облыстық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылдық округінің Сазы ауылы, жер пайдалану шегі аумағымен бірге осы ауданның Ақши ауылдық округіне әкімшілік бағыныштылыққа берілсін.

2. Облыстық статистика басқармасы облыстық әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есепке алынуы мен тіркелуіне, сондай-ақ олардың бағыныштылығына тиісті өзгерістер енгізілсін.

3. Алматы облысының жер қатынастары басқармасы, жер есептеу құжаттарына қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары В. А. Долженковқа жүктелсін.

5. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

сессиясының төрағасы

хатшысы

Облыстық мәслихат

Облыстық мәслихаттың